

НҮРЛЫ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№82 (3347), сенбі,
11 октябрь, 2025 жылы

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ТМД АЯСЫНДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ОДАН ӘРІ КЕҢЕЙТҮДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН АТАП ӨТТІ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонның шақыруына орай 9-10 октябрь күндері іс жүзіндік сапармен осы елде болды.



Мемлекетіміз басшысы 10 октябрь күні Душанбе қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекет басшылары кеңесінің кезекті жиналысына қатысты.

Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонның төрағалығымен өткен саммит жұмысына Әзербайжан Республикасының Президенті Илхам Алиев, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Кыргыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Түркіменстан Президенті Сердар Бердимухамедов, Армения Премьер-министрі Николь Пашинян және ТМД

Бас хатшысы Сергей Лебедев қатысты.

Күн тәртібіне сәйкес, Достастық аясындағы практикалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейтудің өзекті мәселелері қаралды.

Мемлекетіміз басшысы сөзінің басында жаһандық саясат пен экономикадағы алдын ала болжауға келмейтін үдерістерге және халықаралық институттар рөлінің әлсіреуіне қарамастан, ТМД өзінін тұрақтылығын, тиімділігін және қажеттілігін көрсетуді жалғастырып жатқанын атап өтті.

Ондаған жылдар бойы қалыптасқан механизмдер мен байланыстардың арқасында экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық мәселелердің барлық салаларында тығыз

ынтымақтастық орын алуда.

— Біз ТМД аясындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға, сондай-ақ табиғи серіктестеріміз болған елдермен практикалық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға мүдделіміз, — деді Өзбекстан Президенті.

Бұдан кейін еліміздің басшысы Достастық аясындағы практикалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту бойынша бірқатар ұсыныстар мен бастамаларды алға тартты.

Әлемдік экономикадағы жағдайдың шиеленісуін, протекционизмнің күшеюін және тұрақты дамуғағы жаңа қауіптердің пайда болуын ескере отырып, экономикалық серіктестікті кеңейту ұйымның сөзсіз басым бағыты екені атап өтілді.

Өзбекстанның ТМД-дағы серіктестерімен тауар айналымы өткен жылы 11 пайызға өскені және бұл көрсеткіш биыл да өсу үстінде екені қанағаттанарлықпен атап өтілді. Мұндай көрсеткіштер салааралық кооперацияның тереңдеуімен және өзара инвестиция ағынының ұлғаюымен байланысты.

Колданыстағы мүмкіндіктерді неғұрлым толық пайдалану және ынтымақтастықтың қазіргі қарқынын сақтау мақсатында Өзбекстан Президенті бірлескен күш-жігерді келесі басым бағыттарға жұмылдыруды ұсынды:

Біріншіден, тауар айналымын арттыру үшін одан да қолайлы жағдайлар қалыптастыру.

Белгілі бір тауарларды, бірінші кезекте, ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізу, ұлттық базарларға шығу, оның ішінде мемлекеттік сатып алуларға қатысу үшін рәсімдер мен талаптарды жеңілдету қажеттігі баса айтылды.

Сондай-ақ ТМД Экономикалық кеңесі шеңберінде сыртқы ортадағы өзгерістерге жедел жауап беру және сауда ағынының бағытын өзгерту механизмдерін іске қосу, сондай-ақ техникалық кедергілермен сәйкестікті бағалау жөніндегі құжаттарды тану туралы келісімдер жобаларын келісу бойынша жұмысты жандандыру орынды болатыны айтылды.

Екіншіден, көлік саласындағы ынтымақтастықты тереңдету.

ТМД елдерінің көлік саласында колданыстағы дәліздердің тиімділігін төмендететін проблемалық жағдайлар әлі де сақталып отырғаны атап өтілді. Бұл көліктің барлық түрлерімен интеграцияланған ақпараттық-логистикалық орталықтарды құруды талап етеді.

Жүк тасымалы инфрақұрылымын жаңғырту үшін жеке инвестицияларды тартудың маңыздылығын ескере отырып, Өзбекстанда көлік саласындағы мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті кеңейту бойынша конференция өткізу туралы бастама көтерілді.

Үшіншіден, өзара инвестициялардың өсуін ынталандыру және ынтымақтастық жобаларын қолдау.

Осыған орай, арнайы экономикалық және өнеркәсіптік аймақтарды қолдау мен дамытудың “жол картасын” дайындау, ынтымақтастықты тереңдету мен бизнесті тарту арқылы инновациялық стартаптарды ілгерілету үшін ТМД-ның Венчурлық платформасын құру, келесі жылы Ташкентте өтетін “ИННОПРОМ” көрмесінің базасында Инновациялық өнеркәсіп форумын өткізу ұсынылды.

Төртіншіден, энергетика саласындағы ынтымақтастықты дамыту.

Өзбекстан басшысы атап өткендей, бүгінде ТМД-дағы серіктестермен дәстүрлі және баламалы энергия көздерін пайдалану, оның ішінде атом электр станцияларын салу саласында бірқатар ірі стратегиялық жобалар жүзеге асырылуда.

Мемлекетіміз басшысы ТМД елдерінде энергетика саласын инновациялық дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлеп, жүзеге асыруды ұсынды.

Бесіншіден, цифрландыру саласындағы ынтымақтастық.

Мемлекетіміз басшысы ағымдағы жылдың август айында Самаркантта өткен “ТМД елдерінде жасанды интеллект технологияларын дамыту” тақырыбындағы халықаралық форум өзара қызығушылық пен осы саладағы кооперация мүмкіндіктерінің артып келе жатқанын көрсеткенін атап өтті. Осыған байланысты ол осы саладағы практикалық ынтымақтастықты тереңдету үшін көпжақты іс-қимыл жоспарын әзірлеуді ұсынды.

Мемлекетіміз басшысы ғылым, білім, мәдениет және өнер салаларындағы бірлескен жобалар мен бағдарламаларды кеңейтудің маңыздылығына ерекше назар аударды.

— Елдерімізде білім беру саласы мен еңбек базарының қарқынды дамуын ескере отырып, Дипломдарды, біліктілік пен академиялық бағ-

дарламаларды өзара тану туралы жаңа мемлекетаралық келісімді дайындап, Кәсіби стандарттар мен біліктілік талаптарын үйлестіру механизмін енгізу қажет деп есептейміз, — деді мемлекетіміз басшысы.

Келесі жылы күн тәртібіне инновациялық экожүйелерді қалыптастыру, өскелең ұрпақтың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін қолдау мақсатында Жастар зертханасын құру мәселесі енгізіліп, Хиуада ТМД жастар форумын өткізуге дайын екендігі айтылды.

Аймақтық қауіпсіздік мәселелеріне тоқталған Президентіміз сыртқы саясат кеңселері мен арнайы қызметтер арасындағы жүйелі әрі тығыз байланысты жалғастырудың маңыздылығына назар аударды. Ауғанстандағы жағдай ерекше назар аударуды қажет етеді.

— Өзбекстанның Ауғанстанда ұзақ мерзімді бейбітшілікті, тұрақтылықты және тұрақты дамуды қамтамасыз етудің табанды жақтаушысы екенін атап өтемін. Осыған байланысты біз осы елдегі ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бірлесіп қатысу мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынамыз, — деді еліміздің басшысы.

Сөзінің соңында Шавкат Мирзияев Сергей Лебедевтің ТМД Бас хатшысы қызметіне қайта тағайындалуын қолдап, Түркіменстан Президенті Сердар Бердимухамедовке ұйымға төрағалық етуінде сәттілік тіледі.

Жиналыста Достастыққа қатысушы басқа мемлекеттердің делегация басшылары да сөз сөйледі.

Саммит соңында ТМД аясындағы ынтымақтастықтың басым бағыттары бойынша келісімдер мен қаулылар топтамасына қол қойылды.

Сонымен Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтың Тәжікстанға сапары аяқталды.

ӨЗА

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреті.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ ЖИНАЛЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті әріптестер!

Дәстүрлі жылы қарсы алғаны және бүгінгі саммитімізді тамаша ұйымдастырғаны үшін Тәжікстан Республикасының Президенті, құрметті Эмомали Шарипович Рахмонның атына айтылған шынайы алғыс сөздерге қосыламын.

Тәжікстанның ТМД-ға нәтижелі төрағалығын және осы кезеңде елдеріміз арасындағы көпжақты серіктестік жаңа қарқынмен дами бастағанын ерекше атап өткім келеді.

Жаһандық саясат пен экономикадағы күрделі, алдын ала болжауға келмейтін үдерістер жағдайында, халықаралық институттардың рөлі әлсіреген жағдайда ТМД өзінін тұрақтылығын, тиімділігін және қажетті құрылымын көрсетуді жалғастырып жатқанын ерекше атап өткім келеді.

Сонғы онжылдықта құрылған механизмдер мен қалыптасқан диалогтардың арқасында экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық мәселелердің барлық аспектілері бойынша тығыз ынтымақтастық жүзеге асырылуда.

Біз ТМД аясындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға, сондай-ақ табиғи серіктестеріміз болған елдермен іс жүзіндік ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға мүдделіміз. Осыған байланысты Өзбекстан көпжақты қарым-қатынастарды тереңдету бойынша жасалған бағалар мен ұсыныстарды қолдап-қуаттайды.

Біздің елдеріміз арасындағы экономикалық серіктестікті кеңейту біз үшін басымдық екені сөзсіз. Бұл әлемдік экономикадағы жағдайдың нашарлауы, протекционизмнің күшеюі және тұрақты дамуға жаңа қауіптердің пайда болуы жағдайында ерекше маңызға ие.

Айта кетейік, билгыр Өзбекстанның

ТМД-дағы серіктестерімен тауар айналымы 11 пайызға өскен. Өзара тауар айналымының өсу көлемі биыл да сақталуда.

Мұндай көрсеткіштер салааралық ынтымақтастықтың тереңдетумен және елдеріміз арасындағы инвестиция ағынының ұлғаюымен тікелей байланысты. Қарқынды ынтымақтастығымыздың қарқынын сақтау үшін біз қолда бар ресурстарды барынша толық пайдалану шешуші мәселе деп есептейміз.

Біз бірлескен күш-жігерімізді келесі басым мәселелерге жұмылдыруды ұсынамыз.

Біріншіден, тауар айналымын арттыру үшін неғұрлым қолайлы жағдайларды қалыптастыру.

Бұл жерде әңгіме жекелеген тауарларды, бірінші кезекте, ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізу және ұлттық базарларға шығу, оның ішінде мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін рәсімдер мен талаптарды жеңілдету туралы болып отыр.

Елдеріміздің базарларын өзара тиімді түрде кеңейту маңызды. Осыған байланысты ТМД Экономикалық кеңесі аясында сыртқы ортаның өзгерістеріне жедел жауап беру және сауда ағынының бағытын өзгерту туралы келісім жобаларын келісу бойынша жұмысты жандандыру қажет деп есептейміз.

Сондай-ақ техникалық кедергілерді және сәйкестікті растау жөніндегі құжаттар туралы келісім жобаларын келісу бойынша жұмысты жандандыру қажет деп есептейміз.

Екіншіден, көлік саласындағы ынтымақтастықты тереңдету мәселелеріне ерекше назар аударғым келеді.

Өкінішке орай, ТМД көлік саласында колданыстағы дәліздердің тиімділігін төмендетін проблемалық жағдайлар әлі де сақталуда.

Уақыт көліктің барлық түрлерімен интег-

рацияланған ақпараттық-логистикалық орталықтарды құруды талап етеді деп есептейміз.

Сонымен қатар, жүк көлігі инфрақұрылымын жаңғыртуға жеке инвестицияларды ынталандыру маңызды. Осыған орай Өзбекстанда ТМД елдерінің көлік саласындағы мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жөніндегі конференциясын өткізуді жоспарлап отырмыз.

Үшіншіден, өзара инвестициялардың өсуін ынталандыру және ынтымақтастық жобаларын қолдау.

Ынтымақтастықта жинақталған оң тәжірибені ескере отырып, мен елдерімізде арнайы экономикалық және өнеркәсіптік аймақтарды дамыту және қолдау бойынша “жол картасын” дайындауды ұсынамын.

Бизнесті тарту арқылы ынтымақтастықты тереңдету және инновациялық стартаптарды ілгерілету ТМД-ның Венчурлық платформасын құруға қызмет етеді.

Келесі жылы Ташкенттегі “ИННОПРОМ” көрмесі аясында біз елдеріміздің аймақтары мен жетекші компанияларының кенінен қатысуымен ТМД инновациялық өнеркәсіп форумын өткізуге дайынбыз.

Серіктестеріміз мақұлдаса, ТМД Экономикалық кеңесіне бірлескен жобаларды қолдауға бағытталған бастамаларды жүзеге асыру шараларын әзірлеуді тапсыруды ұсынамын.

Төртіншіден, энергетика саласындағы ынтымақтастық маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда біз ТМД бойынша серіктестерімізбен дәстүрлі және баламалы энергия көздерін пайдалану, оның ішінде атом электр станцияларының құрылысы саласында бірқатар ірі стратегиялық жобаларды

жүзеге асырудамыз.

Біз ТМД елдерінің энергетикалық секторын инновациялық дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлеуге және іске асыруды қолдаймыз.

Бесіншіден, цифрландыру саласындағы ынтымақтастық ерекше назар аударуға тұрарлық.

Үстіміздегі жылдың август айында Самаркантта ұйымдастырылған “ТМД елдерінде жасанды интеллект технологияларының дамуы” тақырыбындағы халықаралық форум өзара қызығушылық пен ынтымақтастық мүмкіндіктерінің артып келе жатқанын көрсетті.

Біз ТМД-дағы серіктестеріміздің осы саладағы белсенді күш-жігерін қолдаймыз және іс жүзіндік ынтымақтастықты кеңейтудің көпжақты жоспарын әзірлеуді ұсынамыз.

Құрметті әріптестер!

Біз ғылым, білім, мәдениет және өнер салаларындағы бірлескен бағдарламаларды кеңейтуге мүдделіміз.

Елдерімізде білім беру саласы мен еңбек базарының қарқынды дамуын ескере отырып, Дипломдарды, біліктілік пен академиялық бағдарламаларды өзара тану туралы жаңа мемлекетаралық келісімді дайындап, Кәсіби стандарттар мен біліктілік талаптарын үйлестіру механизмін енгізу қажет деп санаймыз.

Біз Хиуада ТМД жастар форумын өткізуге дайынбыз, оның ішінде инновациялық экожүйелерді қалыптастыру және өскелең ұрпақтың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін қолдау үшін Жастар зертханасын құру мәселесі күн тәртібінде тұр.

Құрметті саммитке қатысушылар! Бүгінде елдеріміздің қауіпсіздігі мен тұрақ-

тылығына ортақ тәуекелдер мен қауіптер туралы көп айтылды.

Сыртқы саясат пен арнайы қызмет салаларында жүйелі және тығыз байланыстарды жалғастыру маңызды. Бұл жерде әңгіме ынтымақтастықты үйлестіру, ақпарат алмасу және бірлескен іс-шаралар өткізу туралы болып отыр.

Достастықтың оңтүстік шекаралары туралы айтқанда, Ауғанстанда сақталып отырған күрделі жағдайды да ұмытпаған жөн. Бұл елдегі экономикалық және әлеуметтік дағдарыстың тереңдеп бара жатқанын ескерсек, оның аумағынан туындайтын қауіптер мен қатерлер әлі де сақталуда.

Өзбекстанның Ауғанстанда ұзақ мерзімді бейбітшілікті, тұрақтылықты және тұрақты дамуды қамтамасыз етудің табанды жақтаушысы екенін атап өтемін.

Осыған байланысты біз осы елдегі ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бірлесіп қатысу мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынып отырмыз.

Құрметті әріптестер!

Біз құрметті Сергей Николаевич Лебедевтің Достастықтың Бас хатшысы қызметіне қайта тағайындалуын толық қолдаймыз.

Қорытындылай келе, Түркіменстан Президенті, құрметті Сердар Гурбангулиевич Бердимухамедовке ТМД-ға төрағалық етуінде толағай табыстар тілеймін.

Бұл кездесу және қабылданып жатқан қаулылар өзара тиімді көпжақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге мүмкіндік беріп, халықтарымыз бен елдеріміздің гүлденуіне және әлаукауты үшін ортақ мақсатарымыз бен міндеттерімізге қол жеткізуге қызмет ететініне сенімдімін.

Депутат мінбері

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МҮДДЕСІ ҚОРҒАЛУДА

Бүгінгі таңда әлем жұртшылығы Өзбекстанда әйелдердің құқығы мен мүддесін қорғау, әйелдердің елдің қоғамдық-саяси өміріне толыққанды қатысуына қол жеткізу, гендерлік теңдік пен репродуктивті денсаулығын қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатты мойындап отыр. Осы орайда Жаңа Өзбекстанда қол жеткізген жетістіктерді БҰҰ, Халықаралық еңбек ұйымы, ЮНИСЕФ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сияқты бастамашыл халықаралық ұйымдар жоғары бағалайды.

Расында да, бүгінде Өзбек-стан әйелдерінің барлық са-лада өз орны мен қатан ұста-нымы бар. Мемлекет басшы-сы атап өткендей, "...бүгінгі таңда әрбір әйел жай бақы-лаушы емес, елде жүзеге асырылып жатқан демокра-тиялық өзгерістердің бел-сенді және бастамашыл қаты-сушысы болуы керек".

Елімізде гендерлік теңдік саясаты бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды байқа-сақ, бүгінгі таңда бұл бағытта 40-тан астам нормативтік-құқықтық құжат, сонын ішінде 2 заң, Президент жарлығы мен қаулылары қабылданға-ны — бірінші кезектегі міндет-тердің қаншалықты орын-далып жатқанын дәлелі.

Әйелдердің құқығын қамта-масыз ету мен қорғаудың құқықтық негіздерін одан әрі

есеге артып, өз ісін ашқан әйелдер саны 205 мыннан асты. Жүз мың әйел кәсіп-өнерге, кәсіпкерлікке оқы-тылды. Жарты миллионға жуық әйел жұмыспен қамтыл-ды.

Президенттің БҰҰ Бас Ас-самблеясының 80-сессиясы-на қатысып, сөйлеген сөзі Өзбекстанның жана сыртқы саяси бағытын, ұлттық мүдде-сін, аймақтық және жаһандық аренаға белсене қатысуын паш етті.

Баяндамадағы әрбір бас-тама Өзбекстанның ашық саясатқа, әділ және тұрақты дамуға ұмтылысын, халық-аралық ынтымақтастыққа дайындығын айқын көрсетті. Бұл баяндаманың диплома-тиялық тұрғыдан ғана емес, еліміздің халықаралық имид-жін, аймақтық беделін, стра-тегиялық болашағын айқын-даудағы маңызы зор болды. Әсіресе, жергілікті, аймақтық, халықаралық деңгейдегі мәселелерге әлемдік қауым-дастықтың назарын аударып, іс жүзіндік бастамаларды ілге-рілетуге бағытталған Прези-дент сөзінің прагмативтігі, әділдігі, шынайы өміршенді-гінің айқын дәлелі.

Айта кетейік, мерейтойлық сессия "Бірге жақсырақ: ты-ныштық, даму және адам құқықтары үшін 80 жыл және одан да көп" ұранымен өтті. Мемлекет басшысы "БҰҰ-80" бастамаларын толық қолдап-қуаттап, бірқатар озық баста-маларды алға тартты. Атап айтқанда, гендерлік саясатқа

тоқтала келе, еліміздің қоғам-дық-саяси өміріндегі, кәсіп-керлік саласындағы әйел-дердің рөлі алдағы уақытта да нығая түсетінін баса айт-ты. Осы орайда Азия әйелдер форумын тұрақты жұмыс істейтін алаңға айналдырып, оны аймақтық деңгейде жүйелі түрде өткізудің маңыз-дылығы айтылды.

Сондықтан 2024 жылдың май айында Самарқант қала-сында "Әйелдердің экономи-калық, әлеуметтік және сая-сиі құқықтары мен мүмкіндік-теріне аймақтық жанасу" та-қырыбында Азия әйелдерінің форумы өтті. Оған 50-ге жуық мемлекеттік және халықара-лық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Азия әйелдер форумының Өзбекстанда өтуі елімізде жүзеге асырылып жатқан кең ауқымды реформалардың ай-мақтық жалғасы болмақ. Бұл беделді конференция Өзбек-станның жаһандық беделін арттыру, гендерлік теңдік пен тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу жолындағы маң-ызды қадам болмақ.

Президенттің халықаралық мінберден сөйлеген сөзі әлі талай толғаныс пен ғылыми ізденістерді бағыттаиды. Өйткені халқымызды разы ету, әйелдердің заңды құқығы мен мүддесін қамтамасыз ету, олардың экономикалық және саяси белсенділігін арт-тыру сияқты жоғары мақсат-қа қол жеткізу үшін Жаңа Өзбекстанның даму стра-тегиясының маңызды бағытта-рының біріне айналды.

Г.АГЗАМОВА,
Олий Мажлис Заң шығару
палатасының
Демократиялық
институттар және
азаматтық
қоғамды дамыту
мәселелері комитетінің
төрайымы.

Әділет

ЖЕРГЕ ДЕГЕН СЕНІМДІ ҚҰҚЫҚ

Науаи облысы Зарафшан қалалық прокуратурасы тарапынан Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлығы мен Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2021 жылғы 3 августағы “Жылжымалы сауда қызметіне заманалық ақпараттық технологияларды одан әрі кеңінен енгізу және сауда автоматы арқылы бөлшек сауда қызметін реттеу іс-шаралары туралы” 485-санды қаулысының орындалуы бойынша оңды жұмыстар жүзеге асырылған.

Қала әкімдігінің 2016-2024 жылдардағы шешімдері Е-Аukcion, K-Savdo арқылы жал-пы 947 азамат пен заңды тұлға-ларға 259 гектар жер учаске-лері жалға беру немесе тұрақ-ты пайдалану құқығы негізінде бөлініп берілген. Оның ішінде 2024 жылғы 1 июльдегі көрсет-кіш бойынша мемлекеттік тіркеуден өткен 164 кәсіпкерлік субъектінде 442 жұмыс орны

жаратылып, 601 миллион 503 мың сум салық өндірілген. Қала прокуратурасында құрылған жұмысшы топтың ин-вентаризациясы нәтижесінде бүгінге дейін 453 кәсіпкерлік субъектісі мемлекеттік тіркеуден өткен, 906 жаңа жұмыс орны ашылып, 703 миллион 700 мың сум салық бюджетке бағыттал-ған. Сондай-ақ, Зарафшан қала-сы аумағынан өткен, А-379 ма-

гистральда жолдың бойында 4 лотта құрылыс жұмыстары бас-талғаны анықталып, жергілікті прокуратураның бастамасымен 131 азамат маусымдық жұмыс-пен қамтамасыз етілді.

Кәсіпкерлік қызметі бастал-маған, мақсатсыз және тиімсіз пайдаланылып келген 39,99 гек-тар жер алқабын резервке қай-тару туралы сотқа 26 талап арыз түсірілді. Резервке қайта-рылған 27,94 гектар жер алқа-бы қайта аукциондық саудаға қойылуы нәтижесінде 25 лотта 13,18 гектар жер алқабы нақты иелеріне берілді. 28 лотта 14,76 гектар жерді аукциондық сау-даға шығару шаралары қарас-тырылуда. Реттеу нәтижесінде 68 жағдайда жер учаскелерін өз бетінше иемденгені анықталып, заңсыз құрылыстарды бұзу бойынша барлық азаматтар мен заңды тұлғаларға ескерту хат-тары беріліп, 50 жағдайда әкім-шілік айыппұл салынды. 18 жағ-дайда заңсыз құрылыстарды жою шаралары қарастырылып, оларды бұзу бойынша сотқа 50 талап арыз берілді.

Ш.ШЕРНАЗАРОВ,
Зарафшан қалалық
прокуроры, әділет
кеңесшісі.

Экология

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫН САҚТАЙЫҚ

Қазіргі уақытта елімізде “Жасыл аумақ” жалпыұлттық жобасы аясында көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Азаматтардың тазалықты сақтамай, қалдық-тарымен қоршаған ортаны ластау мәселесі үлкен проблемалардың бірі болып келеді. Елеусіз бо-лып көрінетін қалдықтарды елді мекендерге жақын жерлерге орынсыз түрде тастау барған сайын көбейіп келеді.

Әлемнің көптеген елдерінде экологиялық шиеленістер орын алып жатқан кезде табиғи ор-таны қорғау — уақыт мәселесі болып табыла-ды. Адамдарда салауатты өмір салты туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың бұл туралы ойлары мен рухани дүниетанымын біріктіру, олардың ішкі рухани әлемін қалыптастыру қажет. Осы рухани жағдай оның қоршаған ортаға де-

ген қарым-қатынасында, күнделікті өмір салтын-да көрінеді.

Әрине, әрбір азамат қоршаған ортаның таза-лығына жауапты. Себебі бүгінгі таңда кең қоғам тарапынан жүзеге асырылып жатқан игі істер әрбір адамның өз денсаулығы үшін жасап жат-қан істерінің нәтижесі болып табылады. Қорша-ған ортаны қорғау, оны табиғи қалпында сақ-тау, әрбір экологиялық проблемаларға саналы түрде қарым-қатынас жасау әрбір адамның бас-ты міндеті болып саналады.

Ф.ЗАРИПОВА,
М.ЕШМАНОВА,
Қарақалпақстан Республикасы.

Сенатта

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КҮШЕЙЕДІ

Сенаттың Бюджет және экономикалық мәселелер комитетінің жиналысында мүгедектігі бар балаларға әлеуметтік қызмет көрсету саласын мемлекеттік қолдау, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарының құқықтарына кепілдіктерді күшейту және мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған заңдарға енгізілетін өзгертулер мен қосымшалар алдын ала талқыланды.

Жиналыс барысында ха-лықты әлеуметтік қолдау, әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау меха-низмдерін жетілдіру қажет-тілігі айтылды. Сонымен қатар, интеллектуалдық меншік нысандары мен тау-ар белгілеріне құқықтарды қорғауды күшейту, мемле-кеттік тапсырыс беруші-лердің мемлекеттік сатып алу үдерісінде бәсекелес-

терді күшейтуге бағыттал-ған кең ауқымды реформа-лар жүзеге асырылуда.

Мәселен, “Қалалық жо-лаушылар көлігін тегін пай-далану тәртібін реттеу ту-ралы” және “Автомобиль көлігі туралы” Өзбекстан Республикасының заңдары-на сәйкес, мүгедектігі бар азаматтардың белгілі бір санаттарына және олармен бірге жүретін адамдарға қалалық жолау-шылар көлігін тегін пайда-лануы құқығы көзделген.

Сондай-ақ, мүгедектігі бар балаларға көрсетілетін күндізгі күтім қызметі үшін төленетін ақы салық салын-байтын табыс түріне енгізі-луде. Бұдан бөлек, қысым мен зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерді жұмысқа орналастыру ке-пілдіктері де күшейтілуде.

Талқыланған мәселелер бойынша Комитеттің тиісті қаулылары қабылданды.

Ауыл шаруашылығында

БАЙЛАНЫС АРТЫП КЕЛЕДІ

Бүгін Ауыл шаруашылығы министрі И.Абдурахмонов Тұзды жерлердегі ауыл шаруашылығын зерттеу халықаралық орталығының (ICBA) бас директоры доктор Тарифа Алъзаабимен кездесті. Өңгіме барысында Өзбекстан мен ICBA арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру және бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері жан-жақты талқыланды.



Бұхара облысы

“ВОБКЕНТДАРИЯ” КАНАЛЫНДА ЖҰМЫС ҚЫЗУДА

“Хархур-Дуоба” ирригация жүйесі басқармасына қарасты “Вобкентдария” каналында бүгінде құрылыс-жасампаздық жұмыстары қызу жүріп жатыр. Су құрылысының Вобкент ауданының орталығынан өтетін бөлігін бетондау және “Жағалау” демалыс және қызмет көрсету орталығының құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Каналдың белгіленген учаскесін бетон-дауға 8 экскаватор, 4 жүк көлігі, 2 кран, 1 жүк тиегіш және 70 жұмысшы жұмылдырылды.

Мәлімет үшін, “Вобкентдария” каналының жалпы ұзындығы 34,6 шақырымды құрап, Вобкент, Гиждувон, Ромитан, Пешку және Жондор аудандарының 40 мың гектарға жуық егістік алқабын сумен қамтамасыз ету-ге қызмет етеді.



— Вобкент ауданы орталығынан өтетін су құрылысының топырақ басқан учаскесін тұрғындар мен өнеркәсіп орындарының шығындыларынан жиі тазалауға тура келді, — дейді басқарма басшысы Баходир Каро-матов бізбен сұхбатында. — Бұл жағдай аудан тұрғындарын да, су жүйесі маманда-

рын да қатты алаңдатты. Бұл мәселелер жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары аяқ-талған соң шешілетін болады.

Әмү-Бұхара ирригация жүйесі хауыз басқармасының баспасөз қызметі.

Ұлттық руханият

ОТБАСЫНДА ФИЛОСОФИЯНЫҢ МӘНІ

Жанұя — бұл тек бір үйде жасайтын адамдардың жиынтығы ғана емес. Жанұя — бұл мейірім, сенім, сабыр, кешірім және өмірдің өзі. Адам өмірге келгеннен соң алдымен отбасында адам болуды, мейірімді сезінуді, кешірім мен сүйе білуді үйренеді. Сондықтан да жанұя — адамзаттың ең ежелгі және ең қасиетті мектебі саналады.

Отбасылық қарым-қатынас-тардың философиялық тұсы адамды өмірдің мәнін сезінуге, өз “менін” табуға бағыттайды. Себебі отбасы арқылы адам өзін басқалардың мысалында көреді, олардың қуанышымен, қасіретімен және армандарымен жасайды. Философиялық тұрғыдан алып қарағанда, отба-сы адамды айналамен байла-ныстыратын, оның рухани және

психикалық тірегі саналады. Ата-ана мен перзент арасын-дағы қарым-қатынаста өмірдің түбегейлі философиясы жинақ-талған. Ата-ананың жансебідлі-лігі — мейірім-шапағаттың рәмізі, перзенттің құрметі — ри-зашылықтың көрінісі. Кейде от-басындағы келіспеушіліктер, кикілжіңдер адамды ширақтата түседі, сол арқылы сабыр мен кешірім оятады. Өйткені

өмірдің өзі де идеал емес, де-генмен оны махаббат, сенім мен адалдық, құрмет әрлейді, көркейте түседі.

Бүгінде әлем өзгеріп, техно-логиялар өмірдің әр саласына еніп отырған кезеңде адамдар арасындағы мейірім мен назар да сыннан өтуде. Көп жағдай-да адамдар бір-бірімен тікелей емес, экран арқылы қарым-қатынас жасағанды жөн санай-ды. Дегенмен ешбір заманалық құрал да адамдағы шынайылық-ты, ананың мейірімін немесе баланың шат күлкисін қаз-қал-пында бере алмайды. Сол үшін де отбасы құндылығы кез кел-ген кезеңде өзгермейтін құнды-лық саналады. Отбасылық қарым-қатынастардың филосо-фиялық маңызын бір сөзбен айтуға болады, яғни отбасы — бұл адамды адам ететін мек-теп. Сондай-ақ отбасының әр мүшесі өздігін табады, көңілде

жылулық болса, өмірдің мән-мазмұны артады. Адам өз от-басындағы тыныштықты сақ-тап, мейірімділікті арттырса, бүкіл қоғамның татулығына не-гіз бола алады.

Мемлекет басшысының “Біз отбасын ұлттың рухани қамалы деп санаймыз” деген сөзі тек-ке айтылмаған. Себебі ұлттың күші жанұялардағы мейірімде, бірлік пен өзара құрметте көрі-ніс табады. Егер әр отбасы мейіріммен толастаса, қоғам да берік болады.

Бүгінгі отбасылар үшін ен үлкен сынақ — бұл уақыт пен назардың жетіспейтіні. Жұмыс, технология, күйбең тіршіліктің арасында адамдар бірін-бірі тыңдауды да ұмытты. Кейде бір сәттік жылы сөз, жылы көзқа-рас бір отбасының тағдырын өзгертуі мүмкін. Сол үшін де отбасындағы ең үлкен байлық — бұл отбасы мүшелерінің бір-

бірін тыңдай білуі және түсінуі. Перзенттер де осындай орта-да ұлғаяды. Сондықтан да әр ата-ана балаға, ең алдымен өзінің мінез-құлқымен өрнек болуы тиіс. Егер отбасы мейі-рім мен құрмет негізінде құрыл-са, онда туылып-өскен бала да өмірде сол құндылықтарды алып жүреді.

Философиялық тұрғыдан ал-ғанда, отбасы — бұл шағын әлем. Онда адам өзін көрсете алады, өмірдің шын мәнін сезі-неді. Отбасы — махаббаттың сынақ алаңы, адалдық мектебі, сабыр мен кешірімнің сахнасы. Отбасының философиялық маңызы адамды кемелділікке, мейірім мен рухани үйлесімді-лікке жетелейді. Себебі бақыт-ты отбасы — бақытты Отан де-ген сөз. Отбасылық құндылық-тарды сақтау — бұл адамның басты борышы, ең әдемі фило-софиялық жетістігі.

У.ИМООВА,
ШМПУ-дың Гуманитарлық
пәндер факультеті,
Факультетаралық әлеуметтік
пәндер кафедрасының
оқытушысы.



Өзекті тақырып

БЕЛСЕНДІ ҚЫЗДАРДЫҢ БАСТАМАСЫ

Қоршаған орта мен экологияны қорғауда тұрғындардың экологиялық мәдениеті мен бастамашылдығын арттыру бүгіннің маңызды мәселесі. Өсіресе жастардың, қыз балалардың экологияға қатысты ділгірліктерін шешуге қатысуын кеңейту, белсенді бастамаларын қолдап-қуаттау оңды нәтижелерге қол жеткізуде зор маңызға ие.

Өзбекстан Экологиялық партиясы Орталық Кеңесі, Са-марқант Мемлекеттік Ветеринария медицинасы, шаруа-шылық және биотехнологиялар университеті Ташкент филиалының, сондай-ақ Өзбекстан мемлекеттік әлем тіл-дері университеті белсенді қыздарының, сондай-ақ парти-яның “Жастар қанаты” белсенділерінің ынтымақтастығын-да “Қыздар және экологиялық лидерлік” тақырыбында дөңгелек үстел сұхбаты өтті. Онда қыздардың қоршаған ортаны қорғау және экологиялық ділгірліктерді шешудегі бастамалары ұсынылды.

Шара барысында экологиялық түсінік пен мәдениеттің отбасынан басталуы, сондай-ақ әр қыздың таза ортаны қамтамасыз етудегі жеке жауапкершілігі жөнінде пікір ал-масылды.

Белсенді қыздар өз бастамаларында жасыл аумақтар-ды көбейту, су және энергия ресурстарын тиімді пайда-лану бойынша өздерінің ұсыныстарын алға тартты. Олар-дың бастамалары тек өздері білім алып жатқан оқу орын-дарында емес, қоғамда да экологиялық мәдениетті қалыптастыруда негізгі адым ретінде қызмет етуі тілге тиек етілді.

Дөңгелек үстел сұхбатында, сондай-ақ экологиялық лидерліктің әлеуметтік үдерістердегі маңызы, жас қыз-дардың осы бағытта белсенді болуы болашақ ұрпақ үшін таза және салауатты орта ашуда маңызды орын иелейтіні айтылды. Бұл орайда қыздардың экология-лық бастамалары кең түрде қолдап-қуатталуы тілге тиек етілді.

Өндірістік орнында

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Тұтыну тауарларын өндіру басқармасының “Қызыл ай” демалыс орнында Алмалық кен-металлургия комбинатының жұмысшы-қызметкерлері үшін балық өсірілетіні белгілі.



Үстіміздегі жылы кәсіпо-рында Алмалық кен-метал-лургия комбинаты басшы-лығының бастамасымен балық өсірудің жартылай интенсивті тәсілі тандалды.

Тұтыну тауарларын өнді-ру басқармасы басшысы-ның орынбасары А.Шоди-евтың айтуынша, аталмыш тәсілдің артықшылығы мы-нада, яғни бірінші кезекте қазіргі күнде өте маңызды мәселе болған су ресурс-тарын үнемдеу мүмкіндігін береді. Балық таза суда

балық алады әрі балықтар-дың қалай өсіп жатқанын бақылап отыру мүмкіндігін

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА,
“Нұрлы жолдың”
тілшісі.

Дене тәрбиесі пәні оқытылуда

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аралас білім беру жүйесіндегі дене тәрбиесі пәнін тиімді ұйымдастыруда инновациялық педагогикалық және ақпараттық технологияларды пайдалану мәселелерін талдап көрейік. Атап айтқанда, білім беру кластерлері жағдайында интербелсенді әдістерді, проблемалық оқытуды және цифрлық ресурстарды біріктіру арқылы студенттердің білімін, дағдысын және біліктілігін дамыту мүмкіндіктері көрсетілген. Сонымен қатар дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің кәсіби дағдысын арттыруда аралас оқытудың рөлі мен артықшылықтары ғылыми негізделген.

Өзбекстандағы білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалар барысында ара-лас білім беру жүйесін енгізу және оны тиімді ұйымдасты-ру мәселесі өзекті болуда. Дене тәрбиесі пәнін аралас білім беру негізінде оқыту ар-қылы оқушылардың өз бетін-ше ойлау, цифрлық техноло-гияларды пайдалану, топпен жұмыс жасау, салауатты өмір салтын ұстану сияқты дағды-ларын дамыту мүмкіндіктері кеңеюде. Бұл болашақта бәсекеге қабілетті маман-дарды даярлаудың маңызды факторы ретінде қызмет етеді.

Аралас білім беру (blended learning) — бұл дәстүрлі оф-лайн сабақтар мен онлайн оқыту үдерісінің үйлесімі бо-лып табылады. Дене тәрби-есі пәнін аралас оқыту негі-зінде ұйымдастыруда тек спорт залдарында тәжірибе-

лік сабақтар ғана емес, элек-тронды ресурстар, мульти-медиалық құралдар, виртуал-ды симуляциялық бағдарла-малар да қолданылады.

Оқу үрдісінің тиімділігін арттыруда инновациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Өсіресе, цифрлық платформалар арқылы сту-денттер өз бетінше білім алып, сабақтардың бейне-жазбаларын талдап, жеке нәтижелерін бақылай алады. Геймификация және симуля-циялық әдістер оқу үдерісін қызықты және тиімді етеді.

Аралас білім беруде ин-тербелсенді әдістерді қолда-ну оқушылардың оқу үдерісін одан әрі белсендіреді. Проб-лемалық оқыту, кластерлік әдістер, кейс-стади, пікіртал-ас, топтық жобалар оқушы-лардың шығармашылық және тәртіптілік қабілеттерін дамытады. Цифрлық плат-

ғыт-бағдар бере алатын, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана білетін кәсіби маман болуы тиіс.

Сонымен қатар, ұстаздың адамгершілік, рухани және мәде-ни деңгейі де жоғары болуы қажет. Өйткені бала мұғалімнің бі-ліміне ғана емес, оның жеке тұлғалық болмысына еліктейді.

Мұғалім мәртебесі — қоғам мәртебесі

Бүгінгі педагог — мемлекеттің даму стратегиясында маңызды орынға ие тұлға. “Мұғалім мәр-тебесі туралы” заңның қабыл-дануы — ұстаз еңбегіне беріл-ген үлкен баға. Бұл заң педагог-тың құқығын қорғап қана қой-май, оның қоғамдағы беделін арттыруға бағытталған қадам. Мұғалімнің әлеуметтік жағда-йын жақсарту, еңбегін лайықты бағалау — сапалы білім берудің негізгі кепілі.

Дилафруз ИСМОИЛОВА,
Шыршық мемлекеттік
педагогика университетінің
аға оқытушысы.

Жаңа дәуір

ҒАСЫР МҰҒАЛІМІ

Қай қоғамда, қай дәуірде болмасын мұғалім — адамзат өркениетінің ең басты тірегі. Уақыт өзгергенімен, технология дамығанымен, педагогтың қоғамдағы орны ешқашан өз маңызын жойған емес. Өйткені мұғалім — ұлттың рухани көшбасшысы, адам тәрбиесінің алтын діңгегі.

Бүгінгі таңда әлем білім мен ғылымның дамуына ерекше на-зар аударып отыр. Осындай жаһандану дәуірінде педагог-тың рөлі бұрынғыдан да арта түсті. Ол тек білім беруші емес, заманауи ойлайтын, жаналыққа ұмтылатын, тұлға қалыптастыру-шы жетекші. Мұғалім — қоғам-дағы әлеуметтік, мәдени және рухани құндылықтарды ұрпақ са-насына сіңіретін басты тұлға.

Педагог — қоғам айнасы

Мұғалімнің кәсіби және ада-ми бейнесі — қоғамның дамуы-ның көрсеткіші. Бүгінгі бала ер-

Ферангиз МУХАМЕДОВА,
Шыршық мемлекеттік
педагогикалық
университеттің оқытушысы.

Достық

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ХАЛЫҚТАРДЫ БІРІКТІРУДЕ

Осы жылдың 30 сентябрі күні Паркент ауданындағы №28 мектепте Ташкент облыстық қазақ ұлттық мәдени орталығы және “Адолат” социал-демократиялық партиясының Жоғарышыршық аудандық Кеңесі ынтымақтастықта, партияның 40-тан астам жобасының бірі – “Бейбітшілік, өркендеу және даму жолында бірігейік” жобасы аясында “Абай Құнанбаевтың шығармашылығы өзбек-қазақ халықтарын біріктіруде” атты іс-шара өткізілді.

№28 мектептің мәжілістер залында өтен шараға мұғалімдер мен оқушылар қатысты. Шараға мектеп директоры Хайрулла Инабатов модераторлық жасап, Паркент аудандық қазақ ұлттық мәдени орталығының төрағасы Тұрдалы Шералиев және “Сәмсерек” ауылының белсендісі, блогер Алтынбек Серікбаев, сондай-ақ жұртшылық қатысты. Мектептің ана тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қ.Ибрагимов шараны ашып, алғашқы сөзді облыстық Қазақ ұлттық мәдени орталығының төрағасы, “Халықтар достығы” төсбелгісінің, Қазақ

стан Республикасының мемлекеттік “Құрмет” орденінің және Кыргызстан Республикасының “Ерен еңбегі үшін” төсбелгісінің иегері Дәмір Қалдыбаевқа берді. Төраға баршаны ұстаздар күнімен құттықтап, Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығына тоқталды. Ол Абайдың “Қара сөздері” бүгінде де халықтар достығының дәнекері болып отырғанын атап өтті. Әсіресе, Абайдың 2-қара сөзінде: “...өзбектің екпеген егіні жоқ, өсірмеген жемісі жоқ, саудагерінің бармаған елі жоқ,

ұсталық жасамаған саласы жоқ, тіпті қазақтың мәйітіне кебінін, тірісіне киімін де жеткізіп тұрған солар” деп, қазақтың өзбектен үйренетіні көп екенін Абай айтып кеткенін еске салды. Дәмір Ергешұлы барша оқушыларды мектепте, кейін жоғары оқу орнында білім алуға, мемлекеттік тіл — өзбек тілін, ана тіліміз — қазақ тілін жан-жақты меңгеруге шақырды. Сондай-ақ, ағылшын, француз тілдерін үйрену де аса маңызды екенін айтты. Мектеп оқушылары Абай өлеңдерін жатқа оқып, ақын туралы өлеңдер айтып, би биледі. Сонымен қатар “Адолат” социал-демократиялық партиясының аудандық Кеңесінің төрағасы Искандер Рахымбердіұлы Алашбаев жиналғандарды атаулы күнімен құттықтап, “Әмір Темір, Г.Жуков, М.Тәтчерлер неліктен қандай іске кіріссе де жеңіске жеткен? Себебі — олар алдымен дұрыс стратегияны тандайды. Біздің Өзбекстанда да партия әуелі стратегияны қабылдайды, содан соң үкімет пен әкімдіктер оны жүзеге асырады. Бүгін елімізде халқымыз

ғасырлар бойы армандаған әділетті қоғам мен мемлекет құрылуда. Көпұлтты халқымыз Президентіміздің басшылығымен әділетті азаматтық қоғам орнатауда. Бұл үдерісте мемлекетке “Адолат” СДП жан-жақты қолдау көрсетуде. Партиямыз республика бойынша 209 аудандық Кеңесте жұмыс істеп, 40-тан астам ірі жобаларды жүзеге асыруда. “Бейбітшілік, өркендеу және даму жолында бірігейік” тақырыбы да солардың бірі. Біз Президентіміздің 2018 жылғы 13 марттағы Абай Құнанбаевты зерттеу туралы қаулысы негізінде биыл ұлы ақынның 180 жылдығын еліміздің барлық өңірлерінде кең атап өтудеміз. Ташкенттегі Өзбекстан Жазушылар үйінен бастап, шалғайдағы Сәмсерек ауылындағы сіздердің №28 мектептеріңізге дейін Абай феноменін және оның өзбек-қазақ достығына қосқан үлесін зерттеудеміз”, — деді. И.Алашбаев өз сөзін партияның 30 жылдық мерейтойында Саяси Кеңес төрайымы Робахон Махмудованың “Әрқашан араздық емес, әділет жеңеді” деген сөзімен аяқтады. Шара соңында Паркент аудандық қазақ ұлттық мәдени орталығының төрағасы Тұрдалы Шералиев сөз сөйлеп, оқушылардың өнеріне жоғары баға берді.

Искандер АЛАШБАЕВ, “Адолат” СДП Жоғарышыршық аудандық Кеңесінің төрағасы.



Байқау

КІТАППЕН ТЫНЫСТАҒАН МЕКТЕП

Гүлстан қаласындағы №16 жалпы орта білім беретін мектепте “Кітапхана — мектеп жүрегі” тақырыбында практикалық семинар өтті. Бұл шараның дәл осы мектепте өтуінің өзіндік себебі бар.

Өйткені 2024-2025 оқу жылында өткен “Ең кітапқұмар директор” және “Ең кітапқұмар кітапханашы” байқауларының қалалық және облыстық басқыштарында осы білім ошағы директорлары рухани-ағарту істері бойынша орынбасарлары Чарос Халилова мен Зарнигор Рахмонова жеңімпаз атанса, мектеп кітапханашысы Гүлнар Хазіретқұлова да қалалық “Ең кітапқұмар кітапханашы” байқауында топ жарды. Оқушылардың да бұл бағыттағы жетістіктері де аз емес. Олар түрлі шығармашылық сайыстарға белсене қатысып, үздік нәтижелер көрсетті. Мектеп командасы “Кітапқұмар мектеп” жобасының жеңімпазы атанып, осыған орай кітапхана қоры 100 томдық көркем әдебиетпен толықты. Сондай-ақ, білім ордасының оқушыларын оқулықпен қамтамасыз ету 100 пайызды құрайды. Кітапханаға ата-аналардың қолдауы да айрықша — олар оқу ордасына 700-ге жуық көркем әдебиетті сыйға тартқан. Бұл отбасылардың да жас ұрпақтың рухани дүниесінің өсуіне атсалысып отырғанын жарқын көрінісі.

Семинар барысында қала мектептері директорларының орынбасарлары мен кітапханашылары №16 мектептің осы бағыттағы озық тәжірибесімен танысты. Мектеп ұжымының оқулықтарды қабылдау және таратуды ұйымдастыру ісіндегі жауапкершілігі де көпшілікке үлгі етілді. “Жаңа оқу жылы қарсаңында “Таъминот логистика” МККК арқылы келген оқулықтарды мұқият тексеріп қабылдадық. Бұл жауапты жұмысты жеті адамнан құралған комиссия қатан бақылауға алды”, — деді Чарос Халилова. Ал Зарнигор Рахмонова оқушыларды кітап оқуға баулу бағытындағы жұмыстарды ерекше атап өтті. “Кітапханашымен бірлесіп отырып, оқушылардың алған кітаптарының оқылмағанын жүйелі түрде тексеріп келеміз. Бұл олардың оқу мәдениетін қалыптастыруға көп септігін тигізуде”, — дейді. Семинар аясында Гүлстан мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы, Өзбекстан Жазушылар одағының мүшесі

Юлдош Карим де мазмұнды пікірталас жүргізді. Ол ұлттың рухани деңгейі кітап оқу қабілетімен айқындалатынын атап өтіп, кітапқұмар азаматтардың ойлау жүйесі мен дүниетанымы өзгеше болатынына тоқталды. Жыныда көптеген ұсыныстар ортаға тасталды. Әсіресе Қалалық мектепке дейінгі және мектепте білім беру бөлімінің оқулықтар бойынша әдіскері Лола Норова отбасылық кітапханалардың маңызына тоқталды. “Отбасында кітап болса, ата-ана кітап оқитын болса, бала да кітапқа әуестенеді. Сондықтан әр отбасында шағын кітап бұрышын жасақтау маңызды. Ең жақсы отбасылық кітапхана иелерін ынталандыру арқылы “Кітапқұмар ұлт” жалпыұлттық қозғалысына үлес қоса аламыз”, — дейді. Бұл бастама қаладағы барлық мектеп өкілдері тарапынан қолдау тапты. Семинар соңында үлкен кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандар назарына бай қор ұсынылды. Рухани құндылықтарды дәріптеуге арналған бұл шара оқшарының ой-өрісін кеңейтіп, кітапқа деген қызығушылығын арттырары сөзсіз. Өйткені кітап — ойдың шамшырағы, ал кітапхана — білімнің мәңгілік жүрегі.

Айдана МЕДЕНОВА, “Нұрлы жолдың” меншікті тілшісі.

“Руханият фестивалі”

ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫН НАСИХАТТАУ

Өлем халықтары арасындағы достық, татулық пен өзара құрмет рухын нығайту бүгінгі жаһандану үдерісінде маңызды рөл атқарады.

“Халықтар достығы” деген сөз жай ғана сөз емес, бүкіл қоғамның тұрақтылығын, тыныштығын және дамуын қамтамасыз ететін басты қағида. Өзбекстан көпұлтты мемлекет ретінде түрлі ұлт және ұлыс өкілдерінің бейбіт өмір сүруі үшін барлық жағдайды жасаған. Елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір отбасындай өмір сүріп, ел дамуына өз үлестерін қосуда. Бұл, әрине, халықтар арасындағы достық пен бірліктің жарқын көрінісі. Достық — бұл тек сөз емес, іс жүзіндегі әрекет, бір-бірін түсіну, мәдениеттерді бағалау, ортақ мақсаттарға жету жолында бірге әрекет ету. Халықтар достығы көз келген қарама-қайшылықтардың алдын алып, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ететіні үшін де маңызды.

Қарақалпақстан Республикасы Тақиатас ауданында “Жалпыұлттық ынтымақтастық фестивалі” аясында “Руханият фестивалі” көтеріңкі көңіл күйде ұйымдастырылды. Белгіленген жоспар бойынша аудандағы “Наймәңкөл” ауылдық азаматтар жиыны “Оила масканинде”, “Маслахат оши” жобасы негізінде жоғары рухта өткізілді. Рухани-ағартушылық насихат іс-шарасының негізгі мақсаты — қоғамда ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, оларды заманауи өмір талаптарына сай жалғастыру, ысырапшылдықтың алдын алу, әлеуметтік ынтымақтастық пен өзара сыйластық ортасын нығайту мақсатында отбасылық рәсімдер мәдениетін арттыруға бағытталды. “Кенегес” ауылдық азаматтар жиынында орналасқан №16 мектепте ғимаратында “Кі-

тап марафоны” жобасы негізінде жастар мен тұрғындардың кітап оқу мәдениетін арттыру, оқуға деген қызығушылығын арттыру, көркем және ағартушылық әдебиеттер арқылы ойлау мен дүниетанымын байытуға, шығармашылармен тікелей сұхбаттасуға негіз жасалды. МАЖ-да орналасқан ашық алаңда “Отан үшін, ұлт үшін, халық үшін” ұранымен “Гала концерт” бағдарламасы негізінде көтеріңкі рухта рухани-ағартушылық насихат шаралары өткізілді. Шынайы достық, адамгершілік қағидаттарына негізделген қарым-қатынас екенін ерекше атап өткен жөн. Әр халықтың өз ұлттық құндылықтары бар, оларды құрметтеу, түсіну — құқықтар достығының негізгі шарттарының бірі.

М.ДЖҰММҒАТОВА, Руханият және ағарту орталығының Тақиатас аудандық бөлімі бастығы. Қарақалпақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты.

дей. Уақыт зулап өтіп жатты. Көшіп-қонып жүрген қожалар ауылы бірнеше рет мекен-жайын өзгертеді. Арада 11 жыл өтіп, Бердімәмбетқожа бұл пәнимен қоштасар кезінде ауылға бір түйе келеді. Ентанбасына қараса, баяғы жоғалып кеткен тайлақ. Көрші-көлем, тегіс ауыл болып бәрі таңқалыпты. Бердімәмбетқожа ілгеріден келе жатқан бақсылардың ізімен кетпеп, қалақ, көсеу тәрізді темірді отқа әбден қызыл шоқ болғанша қыздырып, жалаң табанымен басып, аузына салып, тістеген сәтте қараша үйдін ішін күйіктің иісі алып кететін. Сақырлап қайнаған суға сүлгіні малып алып, наукастың бетіне шашқанда, су сырқат жанға мұздай боп тиеді екен. Ол кісінің тағы бір ерекшелігі түзде кездескен кез-келген жыланды “оқын”, аузы буылған қалтаға салып, өзімен бірге алып жүретін, — дейді Бердімәмбетқожаның кереметтерін көзімен көрген Қармақшы ауданына қарасты сонау Қызылқұмның қиясындағы Кекірелі өлді мекенінің тұрғыны Ештайұлы Күзембай ағамыз. Қазір Бердімәмбетқожаның ұрпақтары Қарақалпақстанның Төрткүл ауданында тұрады.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ

Қасиет

БЕРДІМӘМБЕТ БАҚСЫ

Бердімәмбет бақсы — Қарақалпақ елінде өмір сүрген адам. Жүз жасқа жақындап барып, дүниеден озған. Руы — қожа. Бердімәмбетқожаны сол өңірдің халқы аса қадір тұтқан. Себебі ол өзінің ұзақ ғұмырында құдайдың құдіретімен бір перзентке зар болған бейбақтардың балалы болуына себепкер болған, дертіне шипа іздеген науқас жандарға ауруының емін дәл тауып, қаншама сырқатты сауықтандырып жіберген.

Өзінің айтуы бойынша оған бақсылық қасиет 14 жасында қоныпты. Әке-шешесі ерте қайтыс болған соң аға-жеңгесінің қолында тәрбиеленеді. Бірде қозы жамырап кетіпті де, жеңгесі жетімді ұрып-соғыпты. Ара түспеген ағасына ренжіген бала әкесінің бейітінің басына барып, жылап жатып ұйықтап кетеді. Түсінде әкесі ақ сақалды шал боп келіп: — Тұр, балам! Саған ерекше қасиет дарығалы тұр, — деп аян

береді. Кеңестік дәуірде Бердімәмбеттің емшілік, көріпкелдік атақ-данқын естіген бір түрікпен жігіті Ашхабад қаласынан Қарақалпақстанға арнайылап іздеп келіпті. Баласы тұрақтамаған әлгі түрікпен жігіті екіқабат келіншегін өзімен бірге ала келіп, бақсыдан бата сұрапты.

— Мына келіннің ішіндегі баланың не ұл, не қыз екенін айыра алмай отырмын. Жарық дүниеге келісімен бұл балаң да шетінейді. Сонан соң үш ұлды бола-сың. Ұлдарың өмірлі болсын!, — деп батасын береді. Арада 20-35 жыл өткен соң Бердімәмбетқожаның үйінің алдына келіп үш жеңіл машина тоқтайды. Келген баяғы түрікпен жігіті екен. Жанына ер жеткен үш ұлын ертіп, сый-сияпатын ала келіпті. Ұлдарының үлкенінің атын — Берді, екіншісін — Мәмбет, кенжесін — Қожа деп, перзентті болуына себепкер болған Бердімәмбетқожаның құрметіне қойған екен. Мына бір оқиға Бердімәмбеттің тағы бір дәлелі болса керек. Бердімәмбет бір тайлақты балаларына көрсетіп тұрып “мынаны мен өлгенде соярысыңдар”, — депті. Осы әңгімеден көп ұзамай әлгі тайлақ жоғалып кетеді. Іздемеген жері қалмайды. Ұшты-күйлі жоқ. Құдды жер жұтып кеткен-

БАҒЫЛҒАН ЖЫЛАН

Адамдар табиғатынан бір-біріне жақсылық жасауға, қол ұшын созып көмектесуге, ауыр сәттерде бірге болуға бейімделген. Яғни жақсылық жасау адамның қанында бар. Дегенмен, қаншалық жақсылық жасаманыз, жанына жалау болманыз, бәрі-бір сізге жамандық ойлап, құлайтын сәттеріңізді саусақ бүгіп күтіп отыратын жандар болады. Қиын сәттеріңізде таптырмайтын, қанша жақсылық жасасаныз да пайдасы жоқ, қысқаша айтқанда, тұзыңызды жеп тұздығыңызға түкіретін адамдар табылады. Бұған мысал ретінде мына оқиғаны алсақ болады: Бір замандар жас жігіт орманда кішкентай жылан тауып алады. Оған мейірімі түсіп, ет беріп асырайды, шомылдырады. Түнде қасына алып жатады. Айлар өте келе жылан өсіп үлкейеді. Күндердің күнінде жылан ештеңе жемей қояды. Бұрын иесінің бергенін қабылдамай қоймайтын болса, енді тәбеті жоғалған. Түнде иесінің қасында жатқанда да көздері үнемі иесіне мұңды қарайды. Жігіт уайымдап, оны дәрігерге апарды. Дәрігер жыланды тексеріп, сұрайды: — Жылан түнде қасыңызда жата ма? — Иә, кішкентайынан бері қасымда жатады, — дейді жігіт. — Тәбеті жоғалғаннан бері сізге мұңды

қарап жүргенін байқадыңыз ба? — Иә, дұрыс айтасыз. Ендеше, менің жыланым не болды дәрігер? — Шын мәнінде жыланңыз ешқандай науқас емес. Ол сізді жұтып қою үшін аш жүр. Асқазанын босатып жатыр. Түнде мұңды қарауының себебі — сіздің көлеміңізді өз денесімен өлшеп, қашан жұта алатынын есептеп жатқаны. Дәрігердің жауабын естіген жігіт таңдана жағасын ұстайды. Қорытындылай айтар болсақ, мейлі бұл оқиғадағы жағдайлар табиғи жағынан жыртықштарға тән қасиет, оны түсінуге болады, бірақ адамдар арасында да жыртықштарға тартатындар бар. Айналамыздағы кейбір достарымыз бен жақындарымыз, ойламаған, тіпті күтпеген жерде ту сыртынан пышақ ұрады... Оларға не дейміз? Тек олардың да хайуаннан ерекшелігі жоқ екенін аңғарамыз. Шын достыққа бұл көңілді доғарып, Түкте ойға салғым келмейт дегарып, Жарық күнде жанымда болған жандар, Бұлт түскенде көлеңкемдей жоғалды...

Бахыт БАЙЖОЛ, Өзбекстан Журналистика және бұқаралық коммуникациялар университетінің 2-курс студенті.

Бас редактор

Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санымен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығалды. Таралымы — 3697

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция қозқарасмен сөйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2010-6343

Кезекші редактор:

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ

Беттеуші-дизайнер:

Қайсар РАХМАНОВ

nurlilol2022@umail.uz

Мекенжайымыз:

Ташкент, ГСП, 100011. “Науан” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табак. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Кәсіпорынның мекенжайы: “Буюк Тўрон” көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 1026.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 23.15 1 2 3 4 5 6

https://sites.google.com/view/nurliloluz

https://t.me/nurlilol1991

https://www.facebook.com/profile.php?id=100094152278738